



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№23 (1805)
5 маусым
2021 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Көшбасшы университеттің жетістігімен бөлісті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Алматы қаласының өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында онлайн режимде брифинг өткізді. БАҚ өкілдерінің қатысуымен өткен кездесуде жетекші университеттің 2020-21 жылдардағы басты жетістіктері мен алдағы даму жоспары таныстырылды.



Ректордың айтуы бойынша, бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – әлемдегі 200-топ үздік ЖОО қатарына енген Қазақстан мен Орталық Азиядағы жалғыз университет. QS жаһандық рейтингі бойынша білім ордасы 165-ші орында. Ұлттық рейтингтерде де үнемі көш бастап келеді.

Университет мемлекеттік және халықаралық стратегиялық міндеттерді шешуде айтарлықтай әлеуетке ие. 500-ден астам, оның ішінде алыс

және жақын шетелдердің жетекші университеттерімен бірлесіп әзірленген білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда.

Іске асырылып жатқан жобалардың жалпы бюджеті 7,7 млрд теңгеден асады. Ғылыми мақалалар бойынша да көшбасшы және рейтингтік басылымдардағы әрбір бесінші қазақстандық жарияланым ҚазҰУ ғалымдарына тиесілі.

2020 жылы университет беделді «Вэб оф Сайнс» деректер қорының

«Ғылым көшбасшысы» сыйлығының үш номинациясына ие болды.

ҚазҰУ ғалымдары COVID-19 індетінің алдын алуға белсенді атсалысуда.

Британдық AVEVA Group plc компаниясымен бірлесіп Инженерлік жобалау орталығы құрылды, бұл – компанияның Орталық Азия өңіріндегі алғашқы өкілдігі.

Жалғасы 2-бетте

Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік 2021 жылғы үздік көпсалалы жоғары оқу орындарын анықтады. Бұл рейтингте Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жоғары нәтиже көрсетіп, еліміздің көпсалалы оқу орны арасында кезекті рет көш бастады.

ҚазҰУ Ұлттық Рейтингіте Алғашықты



Бұл рейтинг академиялық статистикалық көрсеткіштерді талдау, сарапшыларды бағалау және жұмыс берушілерге сауалнама жүргізу негізінде жасалады. ҚазҰУ барлық көрсеткіштер бойынша ең жоғары балл жинап, университеттің жоғары бәсекеге қабілеттілігін тағы да дәлелдеді.

IQAA Ranking жоғары оқу орындарының рейтингі Шанхай мен Братиславадағы Академиялық рейтингтер мен артықшылық бойынша халықаралық обсерваторияның (IREG) конференцияларында жоғары білім беру саласындағы халықаралық сарапшылар мақұлдаған әдістеме негізінде жүргізіледі. Сондай-ақ Higher Education in Europe (Лондон) және Journal of Higher Education (Шанхай) ғылыми журналдарында жарияланды.

Ұлттық институционалдық рейтинг – IQAA Ranking қазақстандық жоғары оқу орындарына өз ұстанымдарын айқындауға, білім беру қызметтерінің бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалауға, жоғары оқу орнының сапалы жұмысына жәрдемдесуге және ең бастысы – білім алушыларды көбірек тартуға және жұмыс берушілер үшін қызығушылық аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Қазақстандық жоғары оқу орындары рейтингінің нәтижелері <https://iqaa-ranking.kz/> ресми сайтында және «Kazakhstan's Truth» газетінде жарияланды.

Гүлшарат МИНАЖЕВА

БҰҰ-мен ынтымақтастық нығая береді

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев БҰҰ-ның Қазақстандағы тұрақты үйлестірушісі Микаэла Фриберг-Стори ханымды қабылдады.



Қадірменді қонақ халықаралық ұйым қызметі аясында Қазақстанда қолға алынған шаралар жайлы әңгімеледі. Жаһан жұртын бейбітшілік пен қауіпсіздікке шақырған ұйым миссиясын орындауда Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен бірге атқарылып жатқан ортақ жобаларға тоқталып, журналистика және

халықаралық қатынастар факультеттерінің белсенділігі, оқу орны студенттерінің жоғары білім деңгейі мен қызығушылығын ерекше атап өтті. БҰҰ-ның халықаралық

мертебеге ие білім ордасымен ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнатуға ниеттестігін жеткізді.

Жалғасы 2-бетте



ТАРИХЫНА МӘН
БЕРГЕН ЕЛДІҢ
ТҰҒЫРЫ БИІК

3



SMART-ШЕШІМДЕР
ҰСЫНАТЫН



4



ВЫПУСКНИКИ
МЕХМАТА –
ГОРДОСТЬ КАЗНУ

6

Көшбасшы университеттің жетістігімен бөлісті

Соңы. Басы 1-бетте

Университет жаһандық трендтерді ескере отырып, жаңа бағдарламаларды енгізуде. Атап айтқанда: нейроғылым, креативті индустрия, цифрлық экономика, экологиялық инжиниринг, медиакоммуникациялар, деректер туралы ғылым, цифрлық мұрағаттану және құжаттану, басқарудың интеллектуалды жүйелері, наноматериалдар және нанохимия.

Жоғары оқу орнындағы басымдықтардың бірі – студенттерді әлеуметтік қолдау. Қазіргі таңда 1000-нан астам әлеуметтік осал санаттағы оқу озаттары мен жақсы оқитын студенттер оқу ақысына 10-нан 25 пайызға дейін жеңілдік алып отыр. Демеушілер қатарында 50-ден астам ұйым мен компания бар.

Университетте кадрлық әлеуетті дамытуға ерекше назар аударылады. Ағымдағы жылдың наурыз айынан бастап оқытушылар мен қызметкерлердің жалақысы 20 пайызға өтті.

Оқытушылардың мәртебесі және олардың университет дамуына қосқан үлесі артып келеді. Оқу орнында оқытушылардың халықаралық қауымдастыққа енуіне де үлкен көңіл бөлінеді. Мемлекет басшысының бастамасы бойынша жыл сайын 500 қазақстандық ғалым шетелдік тағылымдамадан өтетін болады.

Университетке халықаралық деңгейдегі ғалымдар, АҚШ және Еуропа ЖОО-ларында, оның ішінде Кембридже сабақ беру тәжірибесі бар Уалбай Өмірбаев және Базбек Дәулетов сынды профессорлар тартылған. Университеттің 400-ден астам оқытушысы «ЖОО-ның үздік оқытушысы» грантының иегері атанды, бұл елдегі гранттардың

жалпы санының 20 пайызын құрайды.

Қазіргі уақытта университет карантиндік шараларды ескере отырып, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған ауқымды республикалық және халықаралық іс-шаралар өткізуде. 19 мамырда көрнекті ақын Олжас Сүлейменовтің 85 жылдық мерейтойына арналған халықаралық онлайн-конференция ұйымдастырылса, 31 мамырда «ҚР мемлекеттік тәуелсіздігі қалыптасуының саяси-құқықтық және экономикалық мәселелері: тарих және қазіргі заман» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай, Елбасы саябағы ашылды. ҚР Тұңғыш президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың құрметіне бой түзген жеміс бағында 300-ге жуық алма, шие, өрік ағаштары отырғызылды.

Ұлыстың ұлы күні қалашықта Ағаштар аллеясы ашылды. Онда жалпы саны 300-ден астам қырым қарағайы мен алтай шыршасы отырғызылды.

Ғылым қызметкерлері күнінде сиверс алмасының 100-ге жуық көшеті егіліп, ол Ғалымдар бағы деп аталды.

ҚазҰУ ректоры сөз соңын: «Жалпы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ білім және ғылым саласында айтарлықтай нәтижеге ие. Біз университетте 2021-25 жылдарға арналған негізгі басымдықтарды кеңінен талқылаудан өткіздік. Ұжым ел ауқымында стратегиялық міндеттерді шешуге және университетті одан әрі дамытуға ниетті», – деп түйіндеді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

БҰҰ-мен ынтымақтастық нығая береді

Соңы. Басы 1-бетте

Университет басшысы өз кезегінде БҰҰ-ның құрылғаннан бастап жаһандық мәселелерді кең көлемде жедел әрі нақты шешуге үлес қосып келе жатқанына назар аударды. Мәртебелі мейманға университет жайлы жылы лебізі үшін ризашылық білдіре отырып, қарашаңырақтың білім және ғылым саласындағы халықаралық қызметі мен жетістіктері туралы айтып берді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың әлемдегі 200-топ үздік ЖОО қатарына енген Қазақстан мен Орталық Азиядағы жалғыз университет екенін тілге тиек ете келе, QS жаһандық рейтингі бойынша білім ордасы 165-ші орынға көтерілгеніне тоқталып өтті.

Сонымен қатар биыл ел Тәуелсіздігіне 30 жыл толатынын айта келе, атаулы мерекеге орай, ха-

лықаралық конференциялар мен шаралар өткізуді ұсынды. Университеттің 16 факультеті мен барлық кафедралары ынтымақтастыққа мүдделі және БҰҰ-ның тұрақты даму бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған қоршаған ортаны қорғау бойынша жобаларға қосылуға дайын екенін мәлімдеді. «ҚазҰУ-дың биология, физика, химия және өзге де факультеттерінің ғалымдары нақты нәтижелерге ие және қоғам үшін пайдалы зерттеулермен айналысуда», – деді ректор.

Сондай-ақ университеттің қашықтықтан зондтау деректерін алуға, өндеуге және таратуға, олардың негізінде халық шаруашылығының және басқа да әртүрлі салалар үшін геоөнімдер жасауға бағытталған ғарыштық спутнигі бар екенін атап өткен жөн.

Әйгерім ӘУЕЗХАН

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев «Қазмұнайгаз инжиниринг» институтының бас директоры Бақытжан Хасанов пен кеңесшісі Жақсыбек Құлекеевті қабылдады.

аударды. «Химиктермен, әсіресе академик Зұлхайыр Мансуров жетекшілігіндегі Жану проблемалары институтымен

«АВАІ» жобасына мамандар даярланады

Кездесу барысында заманға сай маман даярлау мен ғылым саласындағы өзара тиімді ынтымақтастық мәселелері кеңінен талқыланды. Қадірменді қонақтар «Қазмұнайгаз» ұлттық компаниясының ірі ғылыми инжинирингтік бөлімшесі болып табылатын институт қызметі жайлы әңгімелей келе, «АВАІ» заманауи ақпараттық жүйесінің жобасымен таныстырды.

Институттың бас директоры алдымен қазіргі трендтегі «АВАІ» жобасын жүзеге асыру бағытында ҚазҰУ-мен бірлесіп қажетті мамандар даярлауды ұсынды. Атап өтсек, ақпараттық технологиялар, есептеу техникасы, басқаруды автоматтандыру, математика, механика, қолданбалы математика, информатика мамандықтары бойынша қызметкерлер тапшы. Бақытжан Кеңесулы студент-магистранттар тобын құрып, білімгерлерді нақты бағыттар бойынша тереңнен және жан-жақты оқытудың қажеттігін алға тартты. Ынтымақтастықта білім бағдарламаларын дайындауға және оқыту үрдісіне кәсіби тәлімгерлерді шақыруға дайын екенін жеткізді.

Өз кезегінде ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев бәсекеге қабілетті маман даярлау,



ғылым мен өндірісті ұштастыру, отандық ғылымның прогресивті шешімдерін өндірістік секторға енгізу Президент алға қойған маңызды міндеттер қатарында екенін баса айтты. Ректор іргелі оқу орнының зерттеу университетіне айналу жолына түскенінен хабардар етіп, ғылым саласындағы өзара әрекеттестіктің зор мүмкіндігін атап өтті.

Экономист-сарапшы Жақсыбек Құлекеев өз сөзінде институтта 1000-нан астам адам еңбек ететініне тоқталды. Олардың орташа жалақы мөлшері 550 мың көлемінде екенін айта келе, университет студенттерін тәжірибеден өтуге және жұмыс істеуге шақырды. Сонымен қатар ол ҚазҰУ бөлімшелерімен жемісті ынтымақтастық тәжірибесіне назар

біз өте жақсы практикалық нәтижелерге қол жеткіздік. Мұнай төгілімдерін жою бойынша біздің нәтижелеріміз тек Қазақстан ғана емес, әлемнің ірі мұнай-газ компанияларына ұсынылды», – деді ғалым.

Институт өкілдері ҚазҰУ технопаркін аралап, жерді қашықтықтан зондтау, Al-farabi-1 мен Al-farabi-2 наноспутниктері және мұнай өнімдеріне қатысты ғалымдардың озық инновациялық жобаларына үлкен қызығушылық танытты. Сондай-ақ кездесуде теориялық зерттеулермен қатар, нақты қолданбалы нәтижелерге жету жолдары қарастырылып, өзара ғылыми ынтымақтастықтың кең ауқымы атап өтілді.

Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА



Университетімізде белгілі дипломат және экономист Берлин Иришев «Әлемдік экономика: эгоцентризмнен – дезинтеграцияға дейін» атты тақырыпта дәріс өткізді. Ол – Франциядағы қазақстандықтар қауымдастығының президенті, экономика ғылымының докторы.

сында Берлин Кенжетайұлы әлемдік экономика және Қазақстан Республикасының халықаралық экономикалық қатынастары бойынша қаты-

Дипломат дәріс өткізді

Әлемдік экономикадағы жаһандық тенденциялар жай ғана болжам деуге келмейді. Бұл қазіргі уақытта болып жатқан жайттардың көрінісі. Бүгінде халықаралық ұйымдар мен үкіметтер халықаралық бәсекеге қабілеттілік пен экономикалық тиімділікті арттыру стратегиялары туралы маңызды шешімдер қабылдауда. Мұның бәрі ұлтшылдықтың белең алуы мен дезинтеграция, яғни ыдырау процестерінің өсуі аясында жүзеге асырылып келеді.

Білім ордасының студенттері мен профессорлық-оқытушылық құрамы осындай мәселелер талқыға түскен қы-



зықты дәріске қатысты. Дәріс ZOOM платформасының көмегімен қашықтан оқыту форматында өтті. Шара бары-

сушылардың көкейде жүрген сауалдарына жауап берді.

Кәмила ДҮЙСЕН

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Жүздеген жылдар бойы сыртқы күштердің қыспағында болған қазақ қоғамы үшін ең алдымен ұлттық «Мен» дегізгерлік қасиеттің қорғаны ретіндегі дәстүрдің рөлі әсіресе зор», – деген болатын. Қазіргі таңда еліміз қарыштап даму кезеңінде. Әйтсе де ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты білу, оны кейінгі буынға аманаттап жеткізу – әрқайсымыздың басты парызымыз. Елбасының идеясымен 2008 жылдан бастап «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасы жүзеге асып келеді. Жобаның басым бағыттары – білім беру жүйесінің инновациялық дамуы, ақпараттық революция, жастарды рухани тұрғыдан тәрбиелеу. Қазақ қоғамының интеллектуалдық әлеуетінің дамуына талдау жүргізіліп жатқаны белгілі. Қазақстандағы гуманитарлық құндылықтардың заманауи қағидаларын қабылдау, құндылығын сақтау, дәстүрін жалғастыру – жаңа заманның, рухани жаңғыруға бет бұрған қазақ елінің басты мақсаты, айқын мұраты. Ақпараттық қоғамның дамуын терең зерделеуде әлемдік тәжірибеге сүйенеріміз анық. Дегенмен өзіміздің ұлттық ерекшелігіміз бен болмысымыз, ұлттық интеллектіміз бен әлеуетімізді, ұлттық кодты, яғни ұлттық қасиетімізді тек өзіміз жасайтынымыз белгілі, өйткені ол тек өзімізге қажет.

Тәуелсіздіктің үлкен жетістігі – алыс және жақын шетелдермен дипломатиялық байланыстың орнатылуы. Соның нәтижесінде өзіміздің және шет мемлекеттердің жастары бір-бірімен ғылым, білім алмасып, өзара мәдени ықпалдастық жасалуда. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы тарихшылар қауымына үлкен серпін берді. Терең зерттеуді талап ететін ежелгі және орта

қысқаша тарих ағылшын тілінде шықса да, оны енді догмалық пайымдамалардан тыс, талапқа сай жазатын уақыт келді. Біз Президенттің «әр халық ұлттық мүддесі тұрғысынан өз тарихын өзі жазу керек» деген ұстанымын қолдаймыз. Әрине, ол ұлттық мүддемен томаға-тұйық шектеліп қалмайтыны сөзсіз, әлемдік тәжірибеден үлгі аламыз, Қазақстан тарихын дүниежүзі ғалымдары қалай зерттеп жатқанын,

атындағы Қазақ ұлттық университетінің 2009 жылдың 27 ақпандағы №4 шешімімен ректордың сол жылғы 10 ақпандағы №20 бұйрығына сәйкес, кафедра Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасы деп аталды. Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының ұйымдастыруымен «Қазақстан тәуелсіздігіне – 30 жыл: өткені, қазіргісі және болашағы» атты онлайн дөңгелек үстел өтті. Біз



ТАРИХЫНА МӘН БЕРГЕН ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ БИІК

ғасырлардағы Қазақстан тарихына қозғау салынды. «Архив – 2025» бағытында көптеген құжаттық деректер жинақталуда. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Егемен Қазақстан» газетіне жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласымен таныса отырып, қазақ халқы тәуелсіздік жолында ұзақ та қиын сынақтарды бастан кешіргенін, тәуелсіздік тағдырдың қандай да бір сыйы немесе жағдайға байланысты болған оқиға деген сияқты қате мифологиялық түсініктерге тойтарыс беріп, шындығын айту қажет екенін, әсіресе жас ұрпаққа тарихты дұрыс түсіндіріп, үйрету керектігін зиялы қауым ретінде бізге жүктелген міндет екенін сезініп отырмыз. Біз, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының ұжымы, Президенттің Алаш мұраларын, қазақ даласындағы аштықты жан-жақты және жүйелі түрде одан әрі зерттеу қажет деген бастамасын толық қолдаймыз. Қасиетті жылдар тарихын құжаттық деректерге сүйене отырып, объективті түрде жазу керек екенін мойындаймыз. Мұндай күрделі мәселелерге, Президент айтқандай, ғылыми түрде жауапкершілікпен қарау керек.

Мемлекет басшысы жаңа академиялық тарихты жазуға шақырып, тарихшылар бұл іске шұғыл кірісуі керектігін айтты. Өйткені ол тарихи сананы қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар Президент Қазақстанның қысқаша тарихын жазып, оны әлемдік тілдерге аудару қажеттігін айтты. Шынында да, қазақ халқының салт-санасын ғана емес, әлем оның тарихын, мемлекеттілігін білу қажет екенін байқадық. Бұрын

зерттеу өнімдерін де пайдаланамыз. Президент тарихты саясаткерлер емес, тарихшылар жазу керектігін баса айтты. Шынында да, кәсіби тарихшылар тарихты жазса, біз түрлі аңыз-әпсаналарға тойтарыс жасай аламыз. Осылайша Президентіміздің тарихты және тарихшылардың мәртебесін көтергеніне қуанып отырмыз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 1985 жылы ашылған шетелдіктерге арналған дайындық факультеті негізінде 2011 жылы Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті құрылып, онда 7000-нан аса шетел азаматы оқып шықты. Қазіргі кезеңде университет өзінің халықаралық байланысын жетілдіре отырып, сенімді түрде Еуропалық білім беру кеңістігіне енуде. Осы бағытта факультет деканы, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Ж. Жаппасов, ЖОО дейінгі дайындық кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., доцент М. Мырзабеков, тағы басқа да әріптестеріміздің үлесі зор. Кафедра «Фараби әлемі» халықаралық конференциясына шетелдік қазақ диаспорасынан оқып жатқан тыңдаушыларымызды белсенді түрде қатыстырып, жылделі 1-2 орындарға ие болды. Өзіміздің жетекшілігімізбен Моңғолия тыңдаушысы Айман Жанболат 2-орын алды. Кафедрада шетелдіктерге және қазақ диаспорасы өкілдеріне дәріс бергендіктен, оқыту әдістемелері бойынша әртүрлі бағытта қиындықтар туындады. Осы мәселені ескерген университет басшылығы 2009 жылдың ақпан айынан бастап қазақ диаспорасы өкілдеріне арналған дайындық кафедрасын өз алдына бөлек құрды. Әл-Фараби

осы уақыт аралығындағы ауқымды өзгерістердің куәсі болдық. Менің жастық шағымнан бастап, қазіргі кезге дейінгі саналы өмірім Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен байланысты. Осында білім мен ғылымның негізі қаланып, педагогтық қызметтің үлкен тәжірибесін жинақтадым. 1980 жылдан тарих факультетінде, 2009 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін шетел азаматтарына арналған білім беру факультетінің ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының оралман, ауған, иран, қытай, моңғол тыңдаушыларына «Қазақстан тарихы» пәнінен дәріс беріп келемін. Олар техникалық және гуманитарлық мамандығы бойынша білім алуға көп келеді. Осынау 30 жылдың ішінде қазақ халқының тарихы мен мәдениетінің озық үлгілерін таныстыра отырып, өзге тілді дәрісханаға қазақ тарихын меңгерту мақсатында «Қазақстан тарихы» оқу-әдістемелік құралын жаздық. ҰБТ және кешенді тестілеуге талапкерлерді дайындау мақсатында жазылған «Қазақстан тарихы» оқу құралы осы оқу жылында университет баспасында жарияланды. Қазақ халқының ұлттық мәдениетін шетелдік азаматтарға таныстыру мақсатымен халықаралық семинарларға да қатыстық. Одан өзге, «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» әлеуметтік тәрбие ісіне арналған әдістемелік талдама құралы мен «Қазақстанның орта ғасыр тарихы» оқу-әдістемелік құралы да жарық көрді. АҚШ, Ресей, БАӘ, Қытай, Канада, Түркия секілді алыс-жақын мемлекеттердің шетелдік баспасөз беттерінде және Scopus базасында индекстелетін импакт-факторы жоғары ғылыми журналдарда екі мақалам жа-

рияланды және екі нұсқаулықтың, сегіз оқу құралы мен үш ұжымдық монографияның серіктес авторымын.

Біз жастардың мәдени-танымының, әдептілігінің қалыптасуына ықпал ететін тәрбие сағаттарын ұйымдастырамыз. Жетекшілігіміздегі «Жауқазын» үйірмесі білім алушыларға экологиялық білім берумен қатар, табиғатты аялауды үйретеді. Қорыта айтқанда, ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасы әлемдік ғылым-білім кеңістігінде қазақстандық білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін көтеру жолында, отандық тарихты зерттеу саласына және университет тыңдаушыларының білім сапасымен қатар, саналы тәрбие алуына өз үлесін қосып жүр. Шәкірттеріміздің алды сенатор, мәжіліс депутаты, министр, елші, ректор, ұстаз. Тағы басқа салаларда да қызмет атқаруда. Мінеки, ұстаздың бақыты – шәкірттерінің жетістігін көруінде.

Қазақ халқының ұлттық мәдениетін шетел азаматтарына таныстыру үшін халықаралық семинарларға да қатыстық. Қандас қазақ жастары мен Ауған Ислам Республикасының тыңдаушыларына Қазақстан тарихы сабағында сапалы білім беру ісін саналы тәрбиемен ұштастыра жүргізгеніміз үшін Қазақстан халықтары қауымдастығы мен Ауғандық жерлестік қауымдастығы тарапынан алғыс хат алдық.

Адам баласы бірден ұлтжанды патриот болып қалыптаса қалмайды, ол білім мен тәрбие алып, әлеуметтік ортамен араласып, азаматтық болмысын қалыптастыру кезінде патриотқа айналады. Өзінің жеке мақсат-мүдделерін қоғам игілігімен үн-

дестіре алғанда ғана елінің дамуына елеулі үлес қоса алады. Біз тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін береке-бірлікте жұмыс істеуіміз керек. Мемлекет басшысы осы жайында: «Біздің мақсатымыз – келер ұрпаққа Қазақстанды тұғыры мығым, экономикасы қуатты, рухы асқақ мемлекет ретінде табыстау және елдік істерді шашау шығармай лайықты жалғастыратын жасампаз ұрпақ тәрбиелеу», – деді. Еліміздің дамуына аянбай еңбек етіп, білім мен патриоттық тәрбие беру басты борышымыз деп есептеймін. Тарихты эмоцияға берілмей, саяси мәдениетті сақтай отырып, тәрбие ісінде қолдануымыз қажет.

Болашақта жастар бәсекеге төтеп беріп, білімді болатынына сенемін. Қазіргі кезде алдағы бес-он жылда қандай мамандықтар сұранысқа ие болатынына алдын ала болжау жасалуда. Осы бағытта жастардың мақсат-мүдделерін, әрекеттерін бір арнаға салуымыз қажет. Ең көп сұранысқа ие болатын салалардың бірі – ғарышпен ғайып (виртуалды) шындықтық болмақ. Зерттеушілер көпшілік айтып жүрген пікірге қарамастан, роботтар адамдарды алмастыра алмайтынына сенімдері кәміл, керісінше, цифрлық технологиялар дәуірінде мансаптық және тұлғалық тұрғыда жоғарылауға мүмкіндіктер көбейеді деп санаймын. Жастар өз келешегіне алаңдамай, нық сеніммен «Мәңгілік ел» идеясын өркендетті түрде жалғастыруы қажет. Қалай болғанда да, Қазақстанның Орталық Азияда империялық держава болатындай мүмкіндігі бар.

Таяу болашақта Орталық Азия ғалым-ұстаздарымен бірігіп ЖОО-ға арналған оқулықтарды қолға алып, жалпы оқулық жазу критерийлерін жүйелендірсек деген жоспар бар, өйткені оқулық білімнің негізгі нәрін беріп, іргетасын қалайды.

Айша БЕГАЛИЕВА,
ЖОО-ға дейінгі дайындық
кафедрасының
аға оқытушысы

Өткен ғасырда өндірістік және технологиялық төңкерісті бастан өткердік. Келесі кезеңді «ақпараттық төңкеріс» деп атасақ артық болмас. Өйткені XXI ғасыр – BIG Data арқылы биікке ұмтылатын кезең. Мәліметті жинап, өңдеп, талдау – бүгінгінің талабы. Қысқаша айтқанда, геоақпараттық жүйелер (ГАЗ) деп аталады. Бүгін біз осындай сұранысқа лайықты жоба жасауға көмектесетін бағдарлама туралы сөз қозғаймыз.

мен дамуы қамтамасыз етеді. Жергілікті және қашықтағы деректерді SuperMap iServer сервисі ретінде жылдам жариялауға болады.

SuperMap iServer карталар, деректер талдау, 3D, Big Data және жасанды интеллект сияқты

ҮЛКЕН ГАЗ ДЕРЕКТЕРІ

Үлкен кеңістіктегі деректерді сақтау және басқару, кеңістіктік талдау, ағындық деректерді өңдеу технологиясы және визуалдауды қамтитын «Алтын кеніш». Үлкен

ғалысын басқару функциялары бар. Дәстүрлі әдістермен салыстырғанда ГАЗ технологияларын қолдану тасымалдауды жоспарлауда, жол қозғалысын ұйымдастыруда, жол қозғалысын басқаруда және осыған байланысты мәселелерде бұрын-соңды болмаған артықшылықтарға ие.

Жерге орналастыру бойынша SuperMap 20 жылдан астам жобалық тәжірибесі бар жер индустриясында инновациялар мен жаңа технологияларды қолдануға бағытталған. SuperMap жерге орналастыру, ақпаратты басқару және қолдану, жер мониторингі қарастырылған. Мысал ретінде Түркияда кадастр деректер өлшемін жаңарту бойынша SuperMap сандық 3D кадастр құруға көмектесетінін айтуға болады.

SuperMap табиғи ресурстарды ақпараттандырудың құрылыс теориясын зерттейді, табиғи ресурстардың негізгі мәселелерін біріктіреді және кеңістіктік үлкен деректер, 3D-ГАЗ және жасанды интеллект сияқты озық технологиялармен табиғи ресурстарды ақпараттандырудың жаңа әдістері мен идеяларын ұсынады.

Smart-шешімдер ұсынады

Жалпы, геоақпараттық жүйелер дегеніміз не? Бұл – деректерді жинауға, басқаруға және талдауға арналған құрылым. Оның төрт тағаны бар: карталар, мәліметтер, талдаулар мен бағдарламалар. Географияға негізделген бұл жүйе көптеген дерек түрлерін біріктіреді. Ол карталар мен 3D көріністердің көмегімен кеңістіктегі орналасуды талдайды және көрнекіліктердегі ақпарат қабаттарын ұйымдастырады. Осындай бірегей мүмкіндіктің арқасында ГАЗ пайдаланушыларға smart-шешімдер қабылдауға көмектесетін деректерді тереңірек талдауға мүмкіндік береді. Барлық саладағы мыңдаған ұйымдар деректерді талдайтын, ақпарат алмасатын және күрделі мәселелерді шешетін карталар жасау үшін осы технологияны пайдаланады. Осылайша бүкіл әлемнің жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгертті.

Бұған дейін ҚазҰУ ғалымдары ғарыштық технологиялардың көмегімен қоғамға қызмет ететін бірнеше жоба жасағанын айтқан едік. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Жерді қашықтықтан зондтау орталығының маманы Гаухар Батай жұмыс барысындағы басты құралдың бірі – SuperMap бағдарламасы екенін айтты. SuperMap жаһандық клиенттер үшін геоақпараттық жүйелердің ең соңғы инновациялық платформалары мен шешімдерін әзірлеп ұсынады. Компания өнімдерінің желісі жұмыс үстелінен бастап, сервистік компоненттік және мобильді ГАЗ бағдарламасының толық спектрін қамтиды. Демек, геоақпараттық жүйелердің ішіндегі ең озық бағдарламалық платформаның бірі деуге болады. SuperMap технологиялық жүйесі BitDC деп аталады. Яғни B-BigData, I – жасанды интеллект, T – 3D өлшем, D – таратылған технология және S – кросс-платформа. Бұл бесеуі компанияның ГАЗ технологияларын дамытудағы басты бағыты.

SuperMap – бұл жұмыс үстелінің, сервистік компоненттік және мобильді геоақпараттық жүйе платформаларын, сонымен қатар кеңістіктік деректерді өндіру, өңдеу және басқару құралдарын қамтитын ГАЗ платформасының толық бағдарламалық пакеті.

SUPERMAP БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ӨНІМДЕРІ

SuperMap iDesktop – қарапайым, тұрақты және тиімді ГАЗ бағдарламалық жасақтама. Бұл негізгі, стандартты, кәсіби және жетілдірілген үш нұсқада қолжетімді. Онда деректерді өңдеу, картографиялау, 2D және 3D интеграциялық талдау, график салу, сурет салу сияқты және т.б. геоақпараттық жүйе функцияларының толық жиынтығы бар. Әртүрлі салада кеңістіктік деректерді өңдеп, талдайтын және жұмыс барысында жеке ГАЗ қосымшаларын қажет ететін мамандар үшін SuperMap iDesktop көп жұмысты жеңілдетеді.



Орталық маманының айтуынша, SuperMap жұмыс үстелі геоақпараттық жүйесінің бір ерекшелігі – онлайн режимде жаңартуға болады. Пайдаланушы жұмыс процесінің механизмін ескере отырып, динамикалық сегментация мен гидрологиялық талдауды оңай зерттей алады. Сонымен бірге деректердің әртүрлі форматтары мен механизмдері болғандықтан, пайдаланушының талабына толық сай келеді.



SuperMap бағдарламасының негізгі өнімдері

НЕЛІКТЕН SUPERMAP IDESKTOP-ТЫ ТАҢДАУ КЕРЕК?

SuperMap iDesktop бағдарламалық жасақтамасында деректерді 2D немесе 3D форматында көрсетуге, өңдеуге, талдауға болады және бұл 2D және 3D ГАЗды бөлек бағдарламалық жасақтамада іске қосуды қажет етпейді. Осындай мүмкіндіктер жұмыс тиімділігін айтарлықтай жақсартады. Сонымен қатар деректі бірнеше карта терезелерінде бір рет ашу арқылы көрсетуге, өңдеуге және пайдалануға көп құжаттық интерфейс (MDI) қолданылады. Еңбек тиімділігін арттыру және визуалды шаршауды азайту үшін ең соңғы үлгідегі лента интерфейсі пайдаланылған.

SUPERMAP ISERVER

SuperMap iServer – жоғары өнімді кросс-платформалық ГАЗ ядросына негізделген бұлтты ГАЗ сервері. Ол 2D, 3D біріккен қызметтерді жариялау және басқару функцияларына ие. Сонымен қатар көпдеңгейлі кеңейту

көптеген ГАЗ мүмкіндіктерін және интерфейс, қауіпсіздік және кластерлеуді қамтитын ауқымдылықтың барлық спектрін ұсынады.

SUPERMAP IPORTAL

Бұл ГАЗ ресурстарын біріктіруге, іздеуге, бөлуге және басқаруға арналған ГАЗ порталының платформасы. SuperMap iPortal-да нөлдік кодты бейнелеуді реттеу, бірнеше көздерден гетерогенді қызметтерді тіркеу және жүйенің бақылау тақталары сияқты алдыңғы қатарлы технологиялар мен мүмкіндіктер бар. SuperMap iPortal тақырыптық дисплей, үш өлшемді визуализациясы, таратылған кеңістіктік талдау, үлкен экранды дисплейі және шаблондық қосымшалары бар көптеген веб-қосымшаларды ұсынады.

AI ГАЗ

AI (Artificial Intelligence) геоақпараттық жүйесі – бұл жасанды интеллект пен ГАЗ интеграциясы. Ол GeoAI нәтижелерін басқару, визуализация жасау және талдау бағытында жұмыс істейді. Пайдаланушы интерфейсін тәжірибесін, эксплуатациялық және техникалық қызмет көрсетуді оңтайлы етеді.

AI GIS жұмыс процесінің құралы үлгілерді құруды, модельдерді оқытуды және қолдану негіздерін қолдайды, сурет деректерін жіктеу, бейне деректерінің мақсатын анықтау және бақылау, екілік жіктеу, көріністі жіктеу, рельефті жіктеу және т.б. функцияларын қоса алғанда, кескін деректерін талдайды.



Нысандарды жасанды интеллект негізінде тану

ГАЗ деректері – Spark таратылған орталарға икемді қайта өңдеу мүмкіндіктерін ұсынады. Үлкен деректердің мол және керемет кеңістіктік визуализациясын қамтамасыз етеді.

SUPERMAP ШЕШІМДЕРІ

SuperMap келесідей мәселелерге қатысты smart-шешімдер ұсынады: ақылды қала, нысандарды басқару, тасымалдау, жерге орналастыру, табиғи ресурстар, қоғамдық қауіпсіздік, табиғи апаттар және суды үнемдеу.

Қазіргі уақытта ақылды қалалар құрылысы инновациялық технологиялармен прагматикалық дамудың жаңа кезеңіне өтті. Платформа көмегімен қалалық ақпараттық ресурстармен алмасуды, бөлсуді және үйлестіруді жүзеге асыра алады. Қала құрылысын басқаруды және қызметтерді кешенді түрде қолдайды. Ақылды қаланың ең негізгі, тақырыптық және динамикалық ақпараттарын тиімді біріктіреді.

Нысандарды басқаруға тоқталсақ, SuperMap теміржол, автомобиль және көлік объектілері, электр энергиясы, байланыс, сумен жабдықтау және су бұру, жылумен және газбен жабдықтау сияқты нақты қосымшаларды әзірлеу үшін қолданылады. Сондай-ақ өндірістік құрал-жабдықтар, ғимарат және басқа да мәліметтер, объектіні және меншікті басқаруды жүзеге асырады және ERP (компанияның бизнес-процестерін автоматтандыру) жүйесімен бірігіп үйлесімді түрде жұмыс істейді.

ГАЗ-де жол қозғалысын басқарудың барлық аспектілеріне қолдануға болатын қуатты ақпараттық қызметтер мен жол қоз-



«ГАЗ орман шаруашылығына арналған жоғары дәлдіктегі портативті орналастыру құрылғысы» Android құрылғыларына арналған SuperMap iMobile

Мысалы, орман шаруашылығын басқаруда «ГАЗ орман шаруашылығына арналған жоғары дәлдіктегі портативті орналастыру құрылғысы» GPS функциялары бар Android құрылғыларына арналған SuperMap iMobile негізінде жасалынған. Одан бөлек, SuperMap табиғи апаттар туралы мәліметтерді жинау тапсырмаларын басқаруды, жергілікті деректерді жинау мен есеп беруді, жергілікті жерде бірнеше терминалдармен тапсырмаларды үйлестіруді, апат болған жерді картаға түсіруді және тексеруді, табиғи апаттарды бағалауды, апаттан кейінгі ақпаратты жариялаудың жан-жақты қызметін, апат туралы ақпаратты бөлсуді қолдайды.

«Жан досым» – мүмкіндіктер бастауы

Жақында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің спорт кешенінде «Жан досым» заманауи теннис орталығы ашылғанын хабарлаған болатынбыз. Әсем табиғат құшағындағы нысанның кәсіби спортшылардың ғана емес, жастар мен қала тұрғындарының спортпен тұрақты шұғылданатын сүйікті мекеніне айналды даусыз. Осы орайда, «Жан досым» теннис клубының президенті Есет Ешпановпен болған сұхбатты ұсынамыз.



басшылығы мен демеушілерге ризашылығымызды білдіреміз.

– Теннис клубына кіру, тіркелу бағасы жөнінде айтсаңыз. Студенттер үшін қандай мүмкіндіктер мен шарттар бар? Қала қонақтарына қаншалықты қолжетімді?

– «Жан досым» теннис клубына кіру мен тіркелу көпшілік үшін тегін. Ол үшін ең алдымен клубқа мүше болу қажет. Мүшелікке өту үшін белгілі бір шарттарды орындаса, клуб басшылығынан екі қызметкер кепілдеме береді. Сосын, барлық клуб мүшелері ақылдасып шешім қабылдайды. Содан кейін теннис ойнау мүмкіндігіне ие бола аласыз. Бұл баршаға ортақ талап.

ҚазҰУ-дың Денешынықтыру және спорт кафедрасымен бірлесіп келісімшартқа отырдық. Университет студенттеріне әр күн сайын белгілі бір уақытта теннис ойнау сағаттары беріледі. Бұл Денешынықтыру және спорт кафедрасы тарапынан бекітілу үстінде, әрі студенттерге арнайы бір уақыт бөлу үшін бөлек лига құрып жатырмыз. Болашақта студенттердің өз лигасы болады. Клубқа мүше болудан тыс, ақылы тарифтеріміз де бар: мысалы, бір сағатқа – 4500 теңге.

Жаңа нысанда кәсіби және әуесқой тенниспен айналысу үшін барлық жағдай жасалған: жаттығу залы, медициналық қызмет, киім ауыстыратын және жуынатын бөлмелер, дәмхана мен спорт дүкені бар. Ондағы санитарлық талаптардың сақталуы жайы да қарастырылған. Бізде сегіз жаттықтырушы жұмыс істейді. Басшылық, үш әкімгер – барлығын есептегенде 16 қызметкеріміз бар. Әрқайсысы өз ісінің маманы.

– Орталық аумағында еліміздің Теннис федерациясының қолдауымен 300 орындық балалар теннис мектебі ашылмақ екен. Осы жөнінде тарқатып айтып берсеңіз. Бұл теннис мектебі несімен ерекшеленеді?

– Бір өкініштісі, Алматыда теннис корттары жетіспейді. Сол олқылықтың орнын толтыру ниетімен орталық аумағында Теннис федерациясының қолдауымен 300 орындық балалар теннис мектебі ашылады. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан шыққан балаларға орталықтың қолжетімді болуы қамтамасыз етіледі. Негізгі бағытымыз да сол – балаларға теннис үйрету. Олардың сапалы түрде жаттығуы үшін өз ісінің шебері болған жаттықтырушыларды арнайы таңдап алдық. Мұнда балаларды бес жастан 16 жасқа дейінгі аралықта қабылдай береміз.

– Аталған спорт кешенінің құрылысына

кімдер демеушілік етті және қанша қаржы жұмсалды?

– Спорт кешенінің құрылысына жеке инвесторлардың демеушілігімен 485 миллион 495 мың теңге қаржы жұмсалды. Оған демеушілік еткендер – осы теннис клубының мүшесі Ерлан Қожасбай, әріптестеріміз Сәбит Сұлтанов пен Нұржан Бекшенов.

– Аталмыш клубта халықаралық, республикалық жарыстар өткізу жоспарда бар ма?

– Мектеп енді ашылып жатыр, дегенмен ондай ойлар мен идеялар біздің жоспарда жоқ емес. Болашақта «Жан досым» теннис клубы көптеген белестерді бағындырып, жетістіктерге жетеді деген ойдамын. Алдағы бес жыл ішінде университет жастарының жұлдыздары жарқырайтын күн келеді. Сонымен қатар оларға жыл он екі ай тенниспен айналысуына мүмкіндік берілген. Яғни бұл дегеніміз – зор мүмкіндіктің бастауы. Сондықтан мұнда жаттығатын жастар әлемдік деңгейдегі спортшыларға айналатынына сенемін.

Ал жарыстарға келсек, шілде айында ҚазҰУ-мен бірлесіп балалар турнирін ашпақпыз. Ол дәстүрлі түрде жыл сайын жалғасын табатын болады. Ал турнир атауын әзірге бекіткен жоқпыз.

– Әңгімеңіз үшін рақмет.

Сұхбаттасқан Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ

Универсиадада үздіктер алда келеді

Жастық жігер, күш-қуат, күрес. Студенттік аудиториядан стадионға ұмтылған жастар XI жазғы универсиадада бақ сынасты. Шара ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында ұйымдастырылған еді. Биылғы спорттық шара «Түркістан – түркі әлемінің рухани астанасы» деген атаумен өткізілді.

